

#14-15

(989-990)

31 мамыр

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

**ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:
БІЗ ӨЗ МҮДДЕМІЗ
БЕН ҚҰҚЫҒЫМЫЗДЫ
ҚОРҒАУДА ЕШҚАШАН
ТАРТЫНЫП ҚАЛМАЙМЫЗ!**



2-БЕТ

**ӨЗБЕКСТАНДА
АЭС САЛЫНАДЫ**



5-БЕТ

**ӨЛЕҢМЕН
ӨРІЛГЕН ӨМІР**



12-БЕТ

Қазақстанда
30 жыл



**Табысты серіктестікке
30 ЖЫЛ**

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында



▼ BRENT \$84.57

▼ USD 443 T

▼ EUR 480 T

▼ RUB 4,94 T

«ҚАЗАҚСТАН КҮЛЛІ ҒАЛАММЕН АШЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙ ОТЫРЫП, СЫРТҚЫ СЫН ҚАТЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТАДЫ. ЕЛ МҮДДЕСІ МЕН ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДА ЕШҚАШАН ТАРТЫНЫП ҚАЛМАЙДЫ!». МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СИНГАПУР САПАРЫ КЕЗІНДЕ ОСЫЛАЙ ДЕП МӘЛІМДЕГЕН ЕДІ.

Мемлекеттік сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев 46-шы Сингапур дәрісін оқып, жаһандық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету ісіндегі орта державалардың атқаратын рөлі туралы ой-пікірімен бөлісті.

Қазақстан мен Сингапур сияқты жаңадан пайда болған «орта державалардың» рөлі туралы пайымдай келе, жаһандық қауіпсіздік ландшафтында мол мүмкіндіктерге жол ашып қана қоймай, едәуір қауіп те төндіретін елеулі өзгерістерге назар аударды. Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси ахуалдың барған сайын ушыққанына тоқтала келе: «Біз геосаяси шиеленістен бастап, макроэкономикалық қиындықтарға



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

БІЗ ӨЗ МҮДДЕМІЗ БЕН ҚҰҚЫҒЫМЫЗДЫ ҚОРҒАУДА ЕШҚАШАН ТАРТЫНЫП ҚАЛМАЙМЫЗ!

дейінгі және жиілей түскен климаттық апаттар секілді қаншама дағдарыспен бетпе-бет келіп отырмыз. Қауіпсіздік архитектурасының іргесі жылдам сөгіліп барады, әлемдік державалар арасында бір-біріне сенімсіздік таныту үрдісі үдей түсті. Шамасы, қырғиқабақ соғыстан кейін орнаған «бейбітшілік несібесі» түгесілуге жақын. Өйткені былтыр әлем елдерінің әскери салаға жұмсаған шығындары 2,2 триллион долларға дейін жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Демек қаруланудың жаңа бәсекесі басталды», – деді.

Президенттің пікірінше, экстремизм, терроризм, кибернетика, ғарыш, жасанды интеллект, климаттың өзгеруі, жаппай миграция және эпидемия туындатқан түйткілдер жаһандық қауіпсіздіктің жағдайын одан сайын ушықтыра түсті.

Алайда Астана мен Сингапур дамып келе жатқан орта державалар ретінде мұндай бөліну мен жіктелуге көз жұмып қарай алмайды. Қауіп-қатер

өте зор. Егер шара қабылданса, тағы бір қырғи-қабақ соғыс зобалаңына тап келуіміз әбден мүмкін.

Мемлекет басшысы бұл ретте «Әділетті Қазақстан» жолымен алға қадам басып келе жатқан еліміз жауапты дипломатияның қағидаттары мен құндылықтарын қатаң сақтауға бейілді екенін жеткізді. Қ. Тоқаев осы мәселеге орай: «Барлық сыртқы серіктестеріміз Астананың қандай ұстанымда екенін жақсы түсінеді. Сондықтан бізді сенімді әріптес санайды. Біз «Жаһандануды жақтайтын Қазақстан» ретінде бүкіл әлеммен ашық қарым-қатынас жасауды жалғастыра береміз. Бұл – біздің еліміздің сыртқы саясаттағы бағдары. Тұрақсыздық ұзақ уақытқа созылған жаңа дәуірде тек осылай ғана жетістікке жете аламыз. Сол себепті бізге қазіргі қалыптасқан ахуалға бей-жай қарауға болмайды. Дүниежүзімен ашық қатынас жасай отырып, біз сыртқы сын-қатерлерге

қарсы күресте қырағылық танытып, проактивті түрде әрекет етеміз. Қазақстанның заңды құқықтары мен мақсатын қорғау ісінде тартынып қалмаймыз, еліміздің басты мүддесін құрбан етуге ешқашан жол бермейміз. Кейде біздің ұстанымымызға күмәнмен қарайды, бейтараптығымыз үшін сынайды. Бірақ мұны өз көзқарасы, сенімі жоқ деп қабылдамаған жөн. Керісінше, оны қақтығыс пен мәжбүрліктің орнына саналы түрде дипломатия мен диалогты таңдау деп түсінген абзал. Бұл таңдау – территориялық даулардан бастап идеологиялық қақтығыстарға дейінгі түрлі қайшылықтарды еңсеруге септігімізді тигізуге мүмкіндік беретін біздің мықты қырымыз, – деді.

Мемлекет басшысы мұның жарқын дәлелі ретінде Қазақстанның Әзірбайжан мен Армения арасындағы бітімгерлік үдерісіне ықпал ету әрекетін, Иранның ядролық бағдарламасына қатысты ара ағайындығын, Сириядағы қақтығыстарды реттеу жөніндегі Астана процесін, сондай-ақ жақында

БҰҰ миссиясы аясында Голан жотасы аймағына алғаш рет дербес бітімгерлік күштерін жіберуін ретінде атап өтті.

Талап ТІЛЕГЕН

P.S. Осы аптада Президенттің орта державалардың рөлі туралы мақаласы *EuropeNews*-те жарияланды. Мемлекет басшысының бұл мақаладағы ой-толғамы Сингапурде оқыған дәрісімен үндесіп жатыр. Президент ғаламдық қауымдастықты толғандырып отырған мәселелерге тоқтай келе: «Қазақстан сияқты орта державалар өз өңірлерінде және одан тыс жерлерде тұрақтылықты, бейбітшілік пен дамуды қамтамасыз ету үшін өсіп келе жатқан мүмкіндіктерге ие негізгі ойыншы ретінде әрекет етеді. Алып державалар саясатының күрделілігіне қарамастан, біздің икемділігіміз күрделі дипломатиялық ландшафттарда сәтті бағыт тауып, ымыраға келу мен бітімге келуге жол ашуға мүмкіндік береді», – деп тағы да атап көрсетті.

«ТІЛ-КӨЗІМІЗ – ТАСҚА», КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫНДА ЖЫЛ САЙЫН БОЛЫП ТҰРАТЫН ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ТАПШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БИЫЛ СӨЗ ЖОҚ. ОСЫ АПТАДАҒЫ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ АЛМАСАДАМ СӘТҚАЛИЕВ ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАҚСАРҒАНЫН, БОЛАШАҚТА ТІПТІ ОНЫ ЭКСПОРТТАУ МҮМКІНДІГІ БАР ЕКЕНІН ЖЕТКІЗДІ.

«БЕНЗИН БЕЗГЕГІНЕН» ҚҰТЫЛДЫҚ

Министр келтірген мәліметтерге сүйенсек, биыл 4 айдың қорытындысы бойынша мұнай өңдеу көлемі 5,9 млн тонна болса, 4,28 млн тонна мұнай өнімдері өндірілген.

Мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ), мұнай базалары мен жол бойындағы дизель отынының жиынтық қоры 612 мың тоннаға (38 күн) дейін ұлғайтылды. Қорда Аи-92 маркалы бензиннің 352 мың тоннасы (30 күн) және Аи-95 маркалы бензиннің 86 мың тоннасы (30 күн) бар. Бұл қор жанар-жағармай өндірісі және өңірлерден келіп түскен өтінімге қарай толықтырылып отырады.

5 мамырда Шымкент МӨЗ-де жоспарлы күрделі жөндеу аяқталды, зауыт штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Энергетика министрлігінің жоспарында мұнай өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту бар.

өнімдерін өндіру көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2 есе артып, 213 мың тоннаға жетті. Саладағы барлық өнімдер бойынша өсім бар.

Үкіметтің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайту жөніндегі шаралары жыл соңына қарай 628 мың тоннадан астам мұнай-газ-химия өнімін шығаруды қамтамасыз етеді.

Саланы 2029 жылға дейін дамыту шеңберінде шамамен 14,3 млрд долларға 5 ірі жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл экономиканың жыл сайынғы өсімін 1,5 пайызға көтеруге, сондай-ақ 20 мыңға жуық жұмыс орнын (17 мың – құрылыс сатысында, 3 мың – пайдалану сатысында) құруға мүмкіндік береді.

Айта кеткен жөн, биыл 340 мың тоннаға дейінгі бутадиенді және оның туындыларын өндіру жөніндегі жобаның құрылысы басталады. Сондай-ақ ел тарихындағы ең ірі жобалардың бірі – қуаты 1,2 млн тонна полиэтилен жобасы бойынша инвестициялық шешім қабылданады.

Алдағы маусым айында мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған «Жол картасы» бекітіледі. Ол шикізатпен қамтамасыз етуден бастап түпкілікті өнім шығаруға дейінгі іс-шараларды қамтиды.

Мұнай-газ химиясын ынталандыру және қолдау үшін «Мұнай-газ-химия өнеркәсібі туралы» заңды әзірлеу мәселесі пысықталуда.

• АҚТАУ БИТУМ ЗАУЫТЫ	1-ДЕН 1,5 МЛН ТОННАҒА ДЕЙІН (2025 Ж.);
• АТЫРАУ МӨЗ	5,5-ТЕН 6,7 МЛН ТОННАҒА ДЕЙІН (2027 Ж.);
• ПАВЛОДАР ҰХЗ	5,5-ТЕН 8 МЛН ТОННАҒА ДЕЙІН (2030 Ж.);
• ШЫМКЕНТ МӨЗ	6-ДАН 12 МЛН ТОННАҒА ДЕЙІН (2030 Ж.).

Бұл жобаларды іске асыру ішкі нарықтың жанар-жағармайға мұқтаждығын 100 пайызға қамтамасыз етіп қоймай, көрші елдерге экспорттауға мүмкіндік беруі тиіс.

Отандық мұнай-газ-химия саласындағы көрсеткіштер де көңілге қонымды. Биылғы 4 айда мұнай-газ-химия

JQ-Aqparat

Үкімет отырысында энергетика министрлігі келтірген мәліметтер бойынша әзірленді

ЖЫЛДАҒЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮР БОЙЫНША, 21-27 МАМЫР КҮНДЕРІ ТҮРІК АСХАНАСЫНА АРНАЛАДЫ. ТҮРКИЯДА ЭМИНЕ ЕРДОҒАН ХАНЫМНЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДАН БАСҚА, ЕЛОРДАДА ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАДАҒЫ ЕЛШІЛІГІНІҢ ШАҚЫРУЫМЕН ТҮРІК АСХАНАСЫНЫҢ ТАМАША ҮЛГІЛЕРІ МЕН ЭГЕЙ АЙМАҒЫНЫҢ ТАҒАМДАРЫ ҰСЫНЫЛДЫ. МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА АЯСЫНДА АСТАНАДАҒЫ ШЕТЕЛДІК МИССИЯ ӨКІЛДЕРІ, КӘСІПКЕРЛЕРІ МЕН БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.



ЭГЕЙ АЙМАҒЫНАН КЕЛІП ЖЕТКЕН ДӘМ

Түркияның атақты аспаздарының бірі Үміт Каракуш дайындап, таныстырған мәзірде Эгей аймағының тағамдары болды.

Түркияның Астанадағы елшісі Мұстафа Капуджу өз сөзінде көне түрік асханасының дәстүрі мен рецептерін сақтаудың маңыздылығына тоқталып, Анадолының ерекше дәмдерін таныстыру үшін дүние жүзінде іс-шаралар ұйымдастырылып жатқанын және де бұл дастарханды Астанадағы мәртебелі қонақтармен бөлісуге қуанышты екендіктерін жеткізді.

Эгей аймағының ерекше зәйтүн майлары таныстырылған түнде қонақтарға «артишок жүректері, қуырылған шөптер, ашаян қосылған фава, сегізаяқ, қаңылтыр, пісірілген теңіз басы, қабырға және алмұрт пудингі» бар мәзір ұсынылды.

*Суреттерді Түркия
Республикасының
Астанадағы
Елшілігі ұсынды*



АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ (АЭС) ӨЗБЕКСТАНДА САЛЫНАТЫН БОЛДЫ. АПТА БАСЫНДА ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ОСЫНДАЙ ХАБАР ТАРАТТЫ. РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ТАШКЕНТКЕ ЖАСАҒАН РЕСМИ САПАРЫ КЕЗІНДЕ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША БІРҚАТАР ЕКІ ЖАҚТЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ. СОНЫҢ БІРІ – АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ БОЙЫНША ҮНТІМАҚТАСТЫҚ. УАҒДАЛАСТЫҚҚА СӘЙКЕС, ЖИЗАҚ УӘЛАЯТЫНДА (ОБЛЫС) ӘРБІРІНІҢ ҚУАТЫ 55 МВт-ТЫ ҚҰРАЙТЫН 6 РЕАКТОР САЛЫНАДЫ. «РОСАТОМ» КОМПАНИЯСЫ БАС МЕРДІГЕР БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ. ҚҰРЫЛЫСҚА ЖЕРГІЛІКТІ КОМПАНИЯЛАР ДА ТАРТЫЛАДЫ.

Энергетика сарапшылары осы жобаның бір ерекшелігіне назар аударды.

Ол – осы шағын реакторлар беретін энергияның жиынтық қуаты 330 МВт екендігінде. Бұл екі ел арасында 2017 жасалған келісімде көзделген мөлшерден анағұрлым аз. Жеті жыл бұрын қол қойылған құжат бойынша Өзбекстанда ВВЭР-1200 реакторы негізінде 2 энергоблок салынуы тиіс еді. Содан бері көптеген кездесулер, МАГАТЭ өкілдерінің қатысуымен жиындар өтті. Бірақ нақты қадам жасалмады. Міне, арадан 7 жыл өткенде толыққанды келісімшарт дүниеге келді.

Сірә, Өзбек үкіметі «Аз да болса, саз болсын» дейтін шығыс тәмсіліне жүгінген секілді. Өйткені халық саны (37 млн) көбейген, экономикасы қарқын алған елде қуат көзіне деген сұранысты әлгі 330 МВт қанағаттандырмайтыны әмбеге аян. Оның үстіне, АЭС

құрылысын бастап кету қиынның қиыны. Қыруар қаржыны қажет ететінін айтпағанда, майлы жілікке – ақшалы жобаға таласып, өз

80-жылдары пайдалануға берілген Орта Азия – Орталық газ құбыры желісін жөндеу әрі оның отын өткізу мүмкіндігін көбейту қолға алынады.



ӨЗБЕКСТАНДА АЭС САЛЫНАДЫ

жобасын тықпалайтындар мұндай қарап қалмайды. Өңірге сөзін өткізіп, ықпалын жүргізгісі келетін жұдырығы жуан мемлекеттердің ымырасыз текетіресі тағы бар. Бұларға алпауыт күштердің айдап салуымен «қоршаған ортаға қауіп төнді» деп дабыл қағатын «жалдамалы жанашырлардың» байбаламын қосыңыз.

Сол себепті Ташкент әзірге табиғи газға иек артады. Бірақ бұрынғыдай емес, келісімшарттағы міндеттеме бойынша «көгілдір отынның» бір бөлігін Қытайға экспорттайтын өзбектер газды сырттан алуға тура кеп тұр. Өткен жылы Қазақ даласы арқылы Ресейден 3 млрд текше метр газ жеткізетін жоба іске қосылды. Алдағы жылы оның көлемін 11 миллиардқа жеткізу жоспарланып отыр. Межеге жету үшін сонау

Айта кеткен жөн, жоба біздің еліміздің тікелей қолдауымен іске асып отыр. Бұл Қазақстанның көрші мемлекеттермен экономикада, соның ішінде энергетика саласында бірлескен жобаларды іске асыруға басымдық беруі өз жемісін беріп жатыр деген сөз. Тиімділігі мынада: құбыр біздің аумақтан өтетіндіктен транзиттік тасымал ел қазынасына қомақты қаржы құяды. Сондай-ақ солтүстік пен шығыс өңірлерді газдандыру, жылу электр стансаларын «көгілдір отынға» көшіру бойынша бірлескен жобаларды іске асыруға мүмкіндік туады.



Срайыл СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ



Фото: informburo.kz

МЕМЛЕКЕТТИҢ ТІРЕГІ – ХАЛЫҚ. АЛ СОЛ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ БАЗЫНАСЫН БАСҚАРУШЫ БИЛІК, АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛДЫРМАЙ ТЫҢДАП, ТЫҢДАП ҚАНА ҚОЙМАЙ ОҢТАЙЛЫ ШЕШУІ МІНДЕТ. МҰНЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖОЛДАУЫНДА НЕГІЗГІ БАҒЫТТЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ АЙТЫП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ЖҮКТЕГЕН БОЛАТЫН.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, КЕГЕН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРБАҚЫТ ТЕҢІЗБАЕВПЕН СҰХБАТЫМЫЗДА ПРЕЗИДЕНТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАНЫН ТАЛҚЫЛАДЫҚ.

НҰРБАҚЫТ ТЕҢІЗБАЕВ:

ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ ҚАШАНДА МАҢЫЗДЫ

– «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша билік пен бұқара арасына көпір орнатып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдау қаншалықты жүзеге асуда? Аудандағы ауылдық округ тұрғындарымен кездесу ай сайын өткізіле ме?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №

826 Жарлығына сәйкес, жарты жылда бір рет әр ауылдық округте және елді мекендерде кездесу ұйымдастырылады. Халықпен кездесулердің нәтижесінде ауданда 193 проблемалық мәселе көтерілген болатын. Осы проблемалық мәселелерді шешу үшін 2024-2026 жылдарға Жол картасы әзірленіп, бүгінгі күнге 36 мәселе толығымен шешімін тапты.

– Өзіңізге аудан әкімі қызметі жүктелгеніне де жарты жылдан асты.

Халықтың қандай мәселесі шешімін тапты? Келешектің еншісінде нендей қордаланған шаруалар шешіледі?

– Облыс әкімінің қолдауымен 2024 жылы 58 проблемалық мәселені шешу үшін 8 368,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Қалған проблемалық мәселелер де оңтайлы реттеліп, кезең кезеңімен шешімін табады.

Биыл «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» бойынша 7 елді мекенге мал дәрілеу орындарын орнатуға 27,1 млн теңге бөлінді. 14 елді мекенге 7,7 млн теңгеге мал қорымдарын салу мақсатында жобалық іздестіру жұмыстарын жасалды.

Оның сыртында облыстық ветеринария басқармасы арқылы 2024 жылы 7 елді мекенге мал қорымдарын салуға 158,1 млн теңге бөлінді. Мұның барлығы да сұрағыңызда қамтылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жемісі. Тұрғындар жүздесуде өздерінің базынасын айтады, соны іске асырып, мәселені оңтайлы шешу – билік өкілдерінің міндеті.

Ауданда 10 канал бар. Осы каналдар арқылы суарылатын жер көлемі 9 198 гектарға жетті. Су жеткізетін каналдардың биылғы құрылысына бөлінген сома 8,2 млрд теңге. Өткен жылы аталған жұмыстарға барлығы 27 млрд теңге қаржы бөлінді.

Жайылымдық жерлерге су жеткізу мақсатында, малшы отарларының арасына тартылатын құбырлардың құжаттары толығымен дайындалып, жоба құны 2 млрд теңгені құрады. 2022 жылы 1,8 млрд теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша 212 жобаның құжаттары (1 млрд 498 млн теңге) «Қонаев» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жолданды. 95 кәсіпкер 841,5 млн теңге несие алды. 80 жоба 524,6 млн теңгеге оң қорытынды алып, 37 жобалардың

құжат пакеттері облыстық комиссияның қарауында жатыр.

Халықтың мал өсіруіне жер тарлық ететіні, арнайы мақсатта игілігін көреміз деп алып қойып, не өзі игермей, өзгеге рұқсатын бермейтін жер иелері бар. 2024 жыл басынан нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын 14 259 мың гектар ауыл шаруашылығы жері анықталған. Оның 11 631 гектары мемлекет меншігіне қайтарылды.

Кеген ауылынан жеке тұрғындарға 50 үй салуға және инженерлік-коммуникациялық желілерімен абаттандыруға 700,3 млн теңге бөлініп, қазіргі уақытта

орындалу көлемінің 80%-ы жүзеге асты.

30 жалға берілетін тұрғын үйдің құрылысына 1 231,8 млн теңге бөлінді, қазіргі уақытта орындалу көлемі 60%-ға жетті.

Кеген ауылынан Жастар орталығының құрылысын салуға 257,0 млн теңге бөлініп құрылыс жұмыстары аяқталып, қолданысқа берілді.

Жалағаш (419,2 млн теңге), Қарқара (220,8 млн теңге), Бөлексаз (121,8 млн теңге) ауылынан мәдениет үйінің құрылысы жүргізілді. Биылғы жылы пайдалануға беру жоспарлануда.



Жылысай ауылынан мәдениет үйінің құрылысын салуға 200,0 млн теңге бөлінді. Мұның барлығы сол ауылдың мемлекетке артқан аманаты. Келешекте Шырғанақ ауылының мәдениет үйінің құрылысын салуға ЖСҚ-н жасатуға 27,0 млн теңге, Тұйық ауылынан мәдениет үйін салуға ЖСҚ-н жасатуға 1,0 млн теңге бөлінді.

Жылысай, Тасашы, Бөлексаз ауылдарындағы жергілікті әкімдік ғимараттары ескірген. Кейбірі құлауға шақ тұр. Осы маңызды нысандардың ЖСҚ-ын 62,7 млн теңгеге дайындалды және Кеген ауылынан 35 тұрғын үйдің құрылысын салуға облыстық құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім жолданды.

– Облыс әкімі Марат

Сұлтанғазиев аудан халқымен кездесуінде берілген тапсырмалары қаншалықты орындалып отыр?

– Облыс әкімінің аудан халқымен кездесуінде тұрғындар тарапынан көтерілген сұрақтарға жоспар жасалып, орындалуы қатаң бақылауда. Жоспар бойынша 45 тапсырма берілген болатын. Оның 15 шешімін тапты, 30 орындалу үстінде.

Шешімін тапқан мәселелердің ішінде Бөлексаз ауылының ауыз су жүйесін толық бітіру, Кеген

ауылындағы 2 мектепті күрделі жөндеуден өткізу, Шырғанақ, А. Нүсіпбеков ауылдарының ауыз су мәселесі, ауданға инвестиция тарту, ауыл іші көше жолдары мен көше жарық шамдарын орнату бар.

Шырғанақ ауылының ауыз су жүйесінің құрылысын салу жұмыстарына 644,1 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталды. Ақай Нүсіпбеков ауылының ауыз су жүйесінің құрылысын салу және қайта жаңғырту жұмыстарына 935,8 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмысының 90% орындалды.

Қарабұлақ ауылының ауыз су жүйесін қайта жаңғырту жұмыстарына 432,8,0 млн теңге бөлініп жұмыстар жүргізілуде. Биыл құрылыс жұмыстарын толық аяқтау жоспарлануда. Кеген (50,0 млн теңге), Кеңсу (28,2 млн теңге), Жіңішке (36,9 млн теңге) ауылдарының ауыз су жүйесін ағымдағы жөндеуден өткізуге 115,1 млн теңге бөлініп жұмыстар аяқталды.

Биылғы жылы Кеген ауылынан коллекторлы дренаж салуға 271,8 млн теңге бөлінді. 6 елді мекенге ауыз жүйесінің құрылысын салу және қайта жаңғырту жұмыстарына ЖСҚ-ы дайындалды және 2024 жылы 5 елді мекенге ауыз су жүйесінің құрылысын салу және

қайта жаңғырту жұмыстарына ЖСҚ жасауға 105,2 млн теңге бөлінді. Су – тіршілік көзі, аудан тұрғындарын ауыз сумен толық қамтамасыз ету – облыс әкімінің негізгі тапсырмасының бірі.

Кеген ауылындағы 5 көп қабатты тұрғын үйлерге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге 135,0 млн теңге бөлініп, жұмыстар жалғасады.

26 елді мекеннің көшелеріне жарық шамдарын орнатуға 164,4 млн теңге бөлініп, бүгінгі күнге 25 ауылға толық орнатылды. Кеген ауылына биылғы жылы орнатылады. 2024 жылы көше жарық шамдарын орнатуға қосымша 25 елді мекенге 908 бағанаға 164,3 млн теңге бөлінді. А.Нүсіпбеков, Қарабұлақ, Қарқара, Ұзынбұлақ, Түменбай ауылдарының қатты қалдықтарды тастайтын орындарын қоршауға 100,0 млн теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. Биылғы жылы қосымша 8 елді мекенге қатты қалдықтарды тастайтын орынды қоршауға 184 млн теңге бөлінді.

10 елді мекенге балалар ойын алаңы мен шағын спорт алаңын орнатуға 2023 жылы 62,6 млн теңге бөлініп, 2024 жылы жұмыстарды аяқтауға 17,7 млн теңге бөлінді. Қосымша 9 елді мекенге балалар ойын алаңын орнатуға 180,0 млн теңге бөлінді. Шағын футбол алаңын 9 елді мекенде салуға 153,0 млн теңге жұмсалды.

Жол жөндеу жұмыстары аудандағы 12 елді мекенге ауыл ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 1 359,0 млн теңге бөлінді.

Сонымен қатар биылғы жылға өтпелі жоба ретінде бірнеше шаруа жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Ұзынбұлақ ауылының көшелерін орташа жөндеуден өткізуге 36,9 млн теңге бөлініп, бүлінген жолдар бүтінделеді. Саты ауылынан Саты көлі дейінгі аралықтағы жолды орташа жөндеу жұмыстарына 92,8 млн теңге қарастырылып отыр. Тұйық ауылының көше жолдарын орташа жөндеуден





өткізуге 3,0 млн теңге, Тоғызбұлақ ауылының көшелерін жөндеуге 118,8 млн теңге, Кеген ауылының көше жолдарына орташа жөндеу жүргізуге 6,8 млн теңге, Мыңжылқы-Шарқұдық жолдарын орташа жөндеуден өткізуге 500,0 млн теңге, Ақтасты ауылының көшелерін орташа жөндеуге 100,0 млн теңге, Көкпияз ауылының көшелерін орташа жөндеуден өткізуге 85,5 млн теңге, Ереуіл ауылының көшелерін орташа жөндеуден өткізу 40,0 млн теңге бөлінді. 2024 жылға ауыл іші жолдарын маршруттық тәсілмен және орташа жөндеу жұмыстарын бастауға 8 елді мекенге 655,9 млн теңге бөлінді. Ө. Жаңабаев атындағы орта мектебін күрделі жөндеу жұмыстарына 1,1 млрд теңге бөлініп, жұмыстары 45 % бітті;

К. Нұрпейісұлы атындағы орта мектебіне күрделі жөндеуге 876 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары аяқталып пайдалануға берілді.

Жіңішке (18,7 млн теңге), Кеңсу (13,7 млн теңге) А.Нүсіпбеков (49,0 млн теңге) мектептері ағымдағы өндеуден өткізілді.

Тасашы ауылындағы Тасашы орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 1,1 млрд теңге бөлінді.

Кеген ауылындағы Кеген өнер мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 300,1 млн теңге бөлінді.

«Балбөбек» (11,0 млн теңге), «Балауса» – (18,3 млн теңге) балабақшаларына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 29,3 млн теңгеге және Тұйық орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 13,0 млн теңгеге ЖСҚ жасалуда.

Алғабас ауылының дәрігерлік амбулаториясын күрделі жөндеу жұмысын аяқтауға 136,0 млн теңге бөлініп, жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар Шыбышы, Тұйық, Бөлексаз, Жалаулы ауылдарына модульді медициналық пункт салу үшін 126,8 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталып пайдалануға берілді.

Кеген аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімі, асхана ғимаратын күрделі жөндеуден

өткізуге ЖСҚ дайындауға 42 млн теңге, Ақтасты ауылындағы медпункт күрделі жөндеуден өткізуге ЖСҚ дайындауға 12 млн теңге.

Ұзынбұлақ ауылындағы дәрігерлік амбулаторияны күрделі жөндеуден өткізу үшін ЖСҚ дайындауға 10 млн теңге қаржы бөлініп, құжаттары жасалып жатыр. 2024 жылға Қарабұлақ ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге 356,0 млн теңге, Саты (63,5 млн теңге), Тоғызбұлақ (43,2 млн теңге) ауылының мәдениет үйлерін ағымдағы жөндеуден өткізуге бөлінді. Міне, осындай келелі істерді атап айтуға болады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасы – халықпен жиі кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдап, талаптарын орындау. Бұл жергілікті биліктің бұлжымас міндеті екені даусыз. Бізге сол қызметті абыроймен атқарып, аманатты арқалай алу маңызды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Қуаныш РАЗАҚ,
Алматы облысы,
Кеген ауданы

ЖУЫРДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН «ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАНҒАНЫ ЕСІМІЗДЕ ШЫҒАР. ЕЛІМІЗДІҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА 17 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН БЕКБАЕВА ГҮЛСІН БАЛҚЫБЕКҚЫЗЫНЫҢ ДА ОСЫ ЗАҢНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА ТАМШЫДАЙ БОЛСА ДА ҮЛЕСІ БОЛСА КЕРЕК. ГҮЛСІН СИЯҚТЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ЖҮРГЕН МАМАНДАР ОТБАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСЫП, ОСЫ САЛАДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ТИТТЕЙ БОЛСА ДА ТӨМЕНДЕУІНЕ АЯНБАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮР. ГҮЛСІН БАЛҚЫБЕКҚЫЗЫ ОСЫ САЛАДАҒЫ ЖҰМЫСЫН АБЫРОЙЛЫ АЯҚТАП, ҚАЗІР ОРДАБАСЫ АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІ ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ИНСПЕКТОРЫ БОЛЫП ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ ГҮЛСІН ХАНЫМДЫ ӘГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

ішімдік пен есірткіге тәуелділік, туыстық қарым-қатынастың дұрыс қалыптаспауы салдарынан орын алатын зорлық-зомбылық оқиғасының соңы отбасы тыныштығының бұзылуына алып келеді. Ал кей жағдайда соңы қайғылы оқиғалармен аяқталып жатады. Осы факторларды негізге ала отырып, жұмыспен қамту бойынша «Мансап» орталығы мамандарымен бірлесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде 50-ден астам жұмыссыз әрі аз қамтамасыз етілген отбасы мүшелері қоғамдық негізде жұмысқа орналасты. Сонымен қатар, әйел

Гүлсін БЕКБАЕВА: ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫН ТАҢДАҒАН АРУЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

– Гүлсін Балқыбекқызы, полиция қызметінде жұмыс істеп жүргеніңізге біраз болыпты. Осы ретте алдымен жеке тәжірибеңізбен бөліссеңіз.

– Мен 2007 жылдан бері ішкі істер органында қызмет етіп келемін. Алғашқы қызметімді жол полициясы басқармасында рота инспекторы болып бастағанмын. Қазіргі таңда Ордабасы аудандық полиция бөлімі көші-қон қызметі тобының қызмет инспекторымын. Жалпы еліміздің ішкі істер саласында қызмет атқарғаныма он жеті жылға жуық уақыт болыпты. Осы аралықта түрлі сатыдан өтіп, түрлі қиындықты да, қызықты да басымыздан өткердік. Ұйқысыз таң атырып, отбасымды апталап көрмеген кезеңдерден де өттік. Одан бөлек, қаншама тағдырдың тосын жайттары, адам өмірі, қылмыс пен құқық бұзушылықтың, қауіп пен қатердің арасында жүріп, кейде жеке өмірге көңіл бөлуге уақыт болмай жататыны жасырын емес.

– Сіз бұған дейін әйелдермен жұмыс істегенсіз. Бұл саладағы жұмыстардың ауыртпашылығы қандай еді?

– Иә, ол рас. Менің жеке еңбек тәжірибемде осы саладағы жұмысым бір төбе болып қалатыны сөзсіз. Ордабасы ауданы құт дарып, Қыдыр қонған қасиетті мекен ғой. Осы ауданға отбасылық

жағдайыма байланысты ауысып келгеніме 3 жылға жуықтады. Ордабасы аудандық полиция бөлімінде қызметімді әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы лауазымынан бастап, 1,5 жыл ішінде 1300-ге жуық әйел адамға құқықтық кеңес беріп, жергілікті атқарушы орган өкілдерімен бірге әлеуметтік және психологиялық көмек көрсеттік. Аудан көлемінде отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстардан бөлек, әсер етуші факторларды сараладық. Отбасындағы тұрмыстық жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық,

азаматшаларын «Дағдарыс» орталықтарына орналастыру



жұмыстарын атқардық. Жалпы менің жұмыс тәжірибемде әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау олардың қауіпсіз қоғамда өмір сүруіне ықпал ету болып табылады.

– Сіздіңше, әйел адамға полицияда қызмет ету қиындық тудырмай ма?

– Полиция қатарында ер азаматтармен қатар қызмет атқарып жүрген қаракөздер аз емес. Олар қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, азаматтардың тыныштығын күзетудің маңызын терең ұғынып, өз қызметін жауапкершілікпен атқарады. Соның ішінде сабырлылық пен сақтықты, төзімділік пен табандылықты, темірдей тәртіпті талап ететін құқық қорғау саласын таңдаған арулардың қоғамда орны ерекше деп білемін. Себебі өзім де отбасы мен қызметті қатар алып жүрген анамын. Жалпы полиция қызметкері болып форма киіп, погон тағу бала кездегі арманым болатын. Адамды арман алға жетелейді демекші, алға қойған арман-мақсатым мені осы салаға жетеледі. Жаны мен жүрегі нәзік әйел затына құқық қорғау саласында қызмет атқару оңай емес. Десек те, еліміздің құқық қорғау саласында еңбегімен талай жетістікке жеткен және аналық борышын ақтап жүрген әйелдер қауымы жетерлік.

– Ордабасы ауданында биыл көші-қон заңнамасын бұзған қанша дерек тіркелді? Былтырғы көрсеткіш қандай?

– Ордабасы ауданында көші-қон заңнамасын бұзу деректері былтырға қарағанда едәуір азайды. Әрине, мұның бәріне ақпараттық, түсіндіру жұмыстарының мерзімінде жүргізілгені де себеп болып отыр. Яғни, биыл көші-қон заңнамасын бұзу деректері 112 болған.

– Ауданға көбінесе қай елден мигранттар көп келеді? Оларға түсіндіру жұмыстары жүргізіле ме?

– Оңтүстік өңірге көбінесе Өзбекстан азаматтары жұмыс істеуге келетіні бұрыннан белгілі. Өйткені көктем, жаз, күз мезгілінде көрші елдің азаматтары көп уақыт тұрақтайды. Сондықтан мигранттар

ең алдымен ауданға келген сәттен бастап көші-қон полициясына хабарлап, уақытша тіркеуге тұруы қажет.

– Биыл «Профилактика жылы», бұл ретте қандай іс-шаралар ұйымдастырылмақ?

– Биыл Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция генералы Мұрат Қабденов



мырзаның бұйрығымен 2024 жыл – «Профилактика жылы» деп жарияланды. Осы тұста полиция бөлімінде көптеген профилактикалық іс-шаралар атқарылуда.

Өз салама қатысты айтар болсам, ең алдымен шетел азаматтарына көші-қон заңнамасын түсіндіру жұмыстарымен қатар, «Мигрант», «Заңсыз келуші» жедел іс-шарасын өткізудеміз. Сонымен қатар, халық көп шоғырланатын орындар мен халыққа қызмет көрсету орталықтарында Қазақстан және шетел азаматтарын дактилоскопиялық тіркеуден өтудің маңыздылығын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

– Дактилоскопиялық тіркеу қандай іс-шара екенін толығырақ айтып өтсеңіз.

– Нақтырақ айтқанда, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке басты куәландыратын құжат беру кезінде міндетті дактилоскопиялық тіркеу қолданылады. Деректер қорына саусақ ізі дактосканерлер арқылы

енгізіледі. Азамат келесі рет өтінім жасағанда оның кім екені саусақ ізі арқылы анықталады. Сондықтан міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтпеу әкімшілік құқық бұзушылық болып есептеледі. Мұндай заңсыздықтың соңы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 443-1-бабына сәйкес

жауаптылыққа әкеп соғады. Тағы бір айта кетерлігі, дактилоскопиялық тіркеуден 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар ерікті түрде өтеді. Ал 16 жасқа толған азаматтар міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеуден өту қажет. Сонымен қатар, дактотіркеуден өту кезінде шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдарда жеке басын куәландыратын құжат, ол болмаған кезде растау және дактотіркеуге жіберу туралы анықтама болуы тиіс екенін мәлімдейді. Сонымен қатар, бұл рәсімдер көші-қон қызметінің бөлімшелерінде жүргізіледі. Бұл жоба азаматтарға уақыт үнемдеп, құжаттарын өз бетінше рәсімдеуге мүмкіндік береді. Ең басты ерекшелігі – суретке түсірген кезде адамның бет-бейнесін таниды. Бұл заңсыз құжат рәсімдеу фактілерін болдырмайды

– Әңгімеңізге рахмет!

Жұмысыңызға сәттілік тілеймін!

**Сұхбаттасқан
Раушан ҚАНЫБЕК,
Түркістан облысы**

ФАРИЗА МАҚСҰТҚЫЗЫ 1993 ЖЫЛЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ СОЗАҚ АУДАНЫ ҚАРАҚҰР АУЫЛЫНДА КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. АТА-АНАСЫ ҚАЗАҚТЫҢ АҚЫН ҚЫЗЫ ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА СИЯҚТЫ АҚЫН БОЛСЫН ДЕП ЫРЫМДАП, ЕСІМІН ФАРИЗА ҚОЙЫПТЫ. ҚАЗІР ОЛ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ПАРАСАТ» ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ОРТАЛЫҒЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ JAS QAZAQ ПЕН «ШЕВРОН» КОМПАНИЯСЫНЫҢ «БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫНА ҚАТЫСТЫ. ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ФАРИЗА МАҚСҰТҚЫЗЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ШЫҚҚАН ЖЫРЛАРЫН ҰСЫНАМЫЗ.

ӨЛЕҢМЕН РІЛГЕН МІР



САҒЫНДЫМ ТУҒАН ЖЕРІМДІ

Анамның аяулы ажарындай,
Әкемнің қатулы қабағындай,
Алыстан көзіне жас алатын,
Әпкенің мейірімді жанарындай.
Сағындым Туған жерімді!

Күмбірлеп, домбыра күйіндей,
Аққудың сызылған биіндей.
Алаңсыз көшеде жүгірген,
Бөбектің күнәсіз түріндей.
Сағындым Туған жерімді!

Таулардан сарқырап бұлағы,
Елтіген бойыңды жыр әні.

Қарлығаш асығып жететін
Ұясы құт мекен тұрағы
Сағындым Туған жерімді!

Айналған әженің ұршығы,
Бүр жарған бәйшешек бүршігі.
Ғашықтар сыр айтып

жұлдызға,

Жасырған оларды түн сыры
Сағындым туған жерімді!

Жүректе сезіліп даралық
Келмейді ол жақтан жаңалық.
Әдемі әуенге тербеліп
Қол бұлғар елес боп балалық.
Сағындым туған жерімді!

АҚ ПАРАҚҚА СЫР

Жасымнан жырдың жүгін арқаладым,
Өлеңіммен өмірлік жанса бағым.
Тұңғыық теріңіне батып кетем,
Ақ параққа тоғысса, жол торабым.

Ақ парақ, тағы келдім,
Тағы келдім, өзіңе болмай жайым,
Айтайын деп, жанымның қал-жағдайын,
Маған неге қарайсың, күнәсізім?
Аппақ бетке, сиямды шимайлайын.

Сенен басқа сырымды кімге ақтарам,
Айтқанменен түсінбес, қайғым мың.
Дос түгіл түсінбеймін, жұмсақтығым,
Дұшпанға да, көре алмас қайрымдымын.

Одан талай өзімде опық жегем,
Сатқындықтың тұрсам да
шетінде мың,
Керек кезде қасынан табылсамда,
Керек емес кезімде өкінбедім.

Қараңғыда тас кіріп, табаныма,
Тағдыр мен сезім түсіп, таразыма.
Бір күндік бақыт сыйлар, гүлдердің де,
Солғанда мұң тұрады сабағында.

Өз бағымда өсірген, гүлдерімді,
Жұпарын, өзгелерге сыйламашы.
Қыр басында өсетін қызғалдақты,
Жұлып алып, өтінем қинамашы.

Алматы, 2024 жыл

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)